



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ исх: 17-8/193 от: 21.02.2018

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына
(тізім бойынша)

2018 жылғы 25 қаңтардағы
№ ДС-22 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдауға қатысты мынаны хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта тұрақты және тұрақсыз маршруттарда жолаушыларды автомобиль көлігімен тасымалдауға қойылатын тәртіп пен талаптар қолданыстағы заңнамада айқындалған.

Жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылар тасымалдың түріне байланысты лицензия немесе рұқсат құжаттарын алуға, өздерінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға, жүргізушілерді рейс алдындағы медициналық тексерістен өткізуге, тасымалға жұмылдырылған автобустарды рейс алдындағы техникалық байқаудан және әр жарты жыл сайын міндетті техникалық байқаудан өткізуге, сондай-ақ оларды жүргізушінің еңбек уақытын тіркейтін аспаптармен (тахографтармен) жабдықтауға міндетті.

Сол уақытта, ҚР Ішкі істер министрлігі ҚР Инвестициялар және даму министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды тексеру бойынша «Автобус», «Қауіпсіз жол» және «Құқықтық тәртіп» кең масштабты іс-шараларын тұрақты негізде жүргізуде.

Жүргізілген іс-шаралар нәтижелері бойынша жолаушылар тасымалдаушылардың арасындағы авариялар санының белгілі төмендеуі байқалады (2017 жылы автобус жүргізушілерінің кінәсінен 505 ЖКО тіркелген, бұл 2016 жылға қарағанда 500 ЖКО аз (-16%, 2016 жыл - 599).

Жолаушылар тасымалы саласында ауыр салдарларға және көптеген адамдар өлімі мен жарақатына алып келетін жол-көлік оқиғалар көбінесе қаларалық және халықаралық маршруттарда орын алады.

Мұндай жағдайлардың негізгі себептері, тұрақсыз тасымал қызметімен негізінде ескі автобустары бар және жеке меншік автобус жөндеу базалары жоқ жеке тұлғалар немесе жеке кәсіпкерлер айналысуы болып табылады (*тіркелген 95 мың. автобустың - 58% жеке тұлғаға ресімделген және олардың 64,6 %-ы 15 жылдан көп пайдалануда*).

Осы мәселе Үкімет отырысында қаралды, онда мүдделі мемлекеттік органдарға автомобиль көлігімен жолаушылар тасымалын реттеу бойынша кешенді шаралар әзірлеуге, автокөлік құралдарына техникалық байқауды тиісті түрде жүзеге асырмағаны үшін жауапкершілікті күшейту, сондай-ақ тиісті рұқсат құжаттарсыз тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарына бақылауды күшейту туралы мәселесін қарастыруға тапсырма берілген болатын.

Бұдан басқа, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР Инвестициялар және даму министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, автомобиль көлігімен жолаушыларды тұрақсыз тасымалдауға қойылатын талаптарды күшейтуге бағытталған заңнамалық түзетулерді қарастыруда.

Жалпы, бұл бағыттағы жұмыс Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

№ исх: 17-8/193 от: 21.02.2018

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по письму)**

*На депутатский запрос № ДЗ-22
от 25 января 2018 года*

Уважаемые депутаты!

Относительно перевозок пассажиров автомобильным транспортом сообщаем следующее.

В настоящее время порядок и требования, предъявляемые к перевозкам пассажиров автомобильным транспортом в регулярных и нерегулярных маршрутах, определены в действующем законодательстве.

В зависимости от вида перевозок перевозчик, осуществляющий перевозку пассажиров, обязан получить лицензию или разрешительные документы, застраховать гражданско-правовую ответственность перевозчика перед пассажирами, провести предрейсовый медицинский осмотр водителей, каждые полгода проходить обязательный технический осмотр, проводить предрейсовый технический осмотр автобусов, задействованных в перевозке, а также оборудовать их приборами регистрации режима труда и отдыха водителей (тахографами).

В то же время Министерством внутренних дел совместно с Министерством по инвестициям и развитию и местными исполнительными органами на постоянной основе проводятся широкомасштабные мероприятия «Автобус», «Безопасная дорога» и «Правовая дисциплина» по проверке перевозчиков осуществляющих перевозку пассажиров.

По результатам проведенных мероприятий наблюдается определенное снижение количество аварийности среди пассажироперевозчиков (в 2017 году по вине водителей автобусов зарегистрировано 505 ДТП, что почти на 100 ДТП (-16%, 2016 год – 599) меньше чем в 2016 году).

Дорожно-транспортные происшествия в сфере пассажирских перевозок с тяжелыми последствиями и многочисленными человеческими жертвами и травматизмом чаще всего происходят на междугородних и международных маршрутах.

Основной причиной таких случаев является то, что предоставлением услуг по нерегулярным перевозкам в основном занимаются физические лица или индивидуальные предприниматели, у которых имеются старые автобусы и отсутствуют собственные автобусные ремонтные базы (*из зарегистрированных 95 тыс. автобусов - 58% оформлены на физические лица, из них 64,6 % эксплуатируются свыше 15 лет*).

Данный вопрос был рассмотрен на заседании Правительства, где заинтересованным государственным органам дано поручение разработать комплекс мер по упорядочиванию пассажирских перевозок автомобильным транспортом, рассмотреть вопрос об ужесточении ответственности за ненадлежащее осуществление технического осмотра автотранспортных средств, а также усилить контроль за автотранспортными средствами, осуществляющими перевозки без соответствующих разрешительных документов.

Кроме того, в целях обеспечения безопасности перевозок Министерством по инвестициям и развитию совместно с заинтересованными госорганами рассматриваются законодательные поправки направленные на усиление требований к нерегулярным перевозкам пассажиров автомобильным транспортом.

В целом работа в данном направлении находится на постоянном контроле Правительства.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев